



Qazaqstan Respublikasy Zañnama jáne quqyqtyq aqparat institýtynyń

JARSHYSY

gylymi-quqyqtyq jýrnal №1 (64)-2021

Құрылтайшы және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заннама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖК РМК
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған баслымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәрпеков Р.Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) –
(төраға)
Абайділинов Е.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – ҚР еңбек сіңірген
мәдениет қайраткері (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Жанғарашев Р.М. – LL.M. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қазбаева Ә.Г. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Казиев З.Г. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Қайырбаева Л.К. – PhD (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Киязова А.Ж. – LL.M. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қоныс В.Т. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрғазиев Б.Қ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск, Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қыргызстан)

Журнал редакциясы

Джамбуришин К.А.
Колтубаева Г.Б.
Тасирова А.С.
Жұмагелдина Б.Ж.
Байленова А.Қ.
тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай-батыр
даңғ., 19, Е-блогы, 306-каб. тел.: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы..... 7

Конституциялық және әкімшілік құқық

Р.Қ. СӘРПЕКОВ Заң жобалау қызметіндегі жариялылықты
қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасында норма
шығаруды жетілдіру мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер
қабылдау тұрғысынан ғылыми құқықтық сараптаманы жаңғырту
мәселелері 13

Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, Б.Қ. НҰРҒАЗИНОВ,
А.А. КАРАЕВ Заңнамалық және заңға тәуелді реттеудің
аражігін ажыратудың кейбір мәселелері..... 22

Р.С. МЕЛЬНИК Әкімшілік қалау: ұғымы, түрлері және
қолданылу заңдылығы шарттары 35

Н. СӘУЛЕН, Н. СӘУЛЕН, Р.Д. БЕРНАЗАРОВА
Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудегі әкімшілік
реформалар 47

Т.Б. ЖҰМАҒҰЛОВ, Г.С. ДӘРІБАЕВ Рухани жаңғыру
аясында құқықтық мәдениетті арттырудағы құқықтық
тәрбие және білім берудің маңыздылығы..... 57

Ж.Ю. САЙЛИБАЕВА Мемлекеттік органдардың
әрекеттеріне, әрекетсіздігіне дау айту туралы істер
бойынша сот ісін жүргізу институты: қалыптасу кезеңдері..... 71

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

А.Ж. ҚИЯЗОВА Корпоративтік актілер кәсіпкерлік
және кәсіби қызметтің өзін-өзі реттеу құралы ретінде 80

С.А. АКИМБЕКОВА, Н.Р. МАКСАТОВ
Сот және прокуратураның өзара іс-қимылы: теория
және практика мәселелері 91

С.С. ҚАРЖАУБАЕВ Жалдау (жалға алу)
саласындағы тұрғын үй заңнамасын жетілдіру мәселесі..... 99

Б.О. АЛТЫНБАСОВ Құқықтық зерттеудің
эмпирикалық әдістерін пайдаланудың теориялық
негіздері: халықаралық тәжірибе 108

М.Х. ХАСЕНОВ, Р.О. БУКЕНОВ
Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және
спорт саласындағы еңбекті құқықтық реттеудегі
олқылықтар мен қайшылықтар 120

С.А. ЫНТЫМАҚОВ Қордың құқықтық жағдайына
қатысты кейбір құқықтық мәселелер 132

А.К. ҚАЛДЫБАЕВ Шарт еркіндігі принципі және
корпоративтік келісім 142

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

В.И. МАЙОРОВ, П.В. ВОЛОШИН, С.В. ПОЛЯКОВА,
О.Н. ДУНАЕВА Ресейдегі жол қозғалысына
қатысушылардың қауіпсіздігін тәуекелге бағытталған
тәсіл негізінде қамтамасыз ету 152

Д.А. ФИНК Адвокаттың қылмыстық-процестік ақпаратқа
қол жеткізу құқығын іске асырудың кейбір мәселелері 159

Б.Ж. ҚЫЗДАРБЕКОВА, Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Заңнамадағы «терроризм актісі» түсінігі және қылмыстық жауаптылықтан босату шарттары.....	165
Е.А. ОМАРОВ, Ж. ҚҰМАРБЕКҚЫЗЫ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша мүлікті тәркілеудің құқықтық табиғаты	173
Ф.С. ЖАҚСЫБЕКОВА Экологиялық қылмыстылыққа қарсы күрес жүргізудегі қылмыстық саясат	184
Г.А. ҚУАНАЛИЕВА, Г.Н. РАХИМОВА, Р.А. АБДЫРАИМОВ Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісін анықтаудың кейбір мәселелері	191
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	
Ж.О. ҚҰЛЖАБАЕВА, Д.Ө. САЛЫҚОВА Халықаралық қылмыстық сот төрелігі органдары: генезисі, халықаралық қылмыстық соттың пәндік юрисдикциясы, рим жарғысын ратификациялау мәселелері	200
Құқықтық мониторинг	
А.Қ. ҚАНАТОВ, К.Е. ИСМАҒҰЛОВ Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның Қазақстан Республикасы заңнамасы жүйесіндегі орны (құқықтық талдау)	213
М.И. ДЯЧУК Қазақстан Республикасында медиация институтын дамыту	219
Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан	
Е.С. САФУАНИ Заңнамада терминдерді қолданудың кейбір проблемалары.....	233
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Мемлекеттік тілдегі лингвистикалық сараптама мәселелері	238
Жас ғалым мінбері	
А.М. НЕМЕРЕБАЕВА Мәслихаттар өкілді органдар ретінде және олардың азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығын жүзеге асырудағы рөлі	244
А.О. МАКРУШИН Қазақстан Республикасындағы заң консультанттарының қызметін реттеудегі кейбір мәселелер туралы	251
А. МУСАХАН Халықаралық әдет-ғұрып құқығы нормаларының Еуропалық Одақ құқығында қолданылуы	258
С.Т. ӘБИРБЕК Халықаралық құқықтағы танылмаған мемлекеттер құқығы	266
М.Е. САҒЫНАЕВ, А.Т. БАЙЗАКОВ Италиялық жазушы Пьеранжело Каталаноның еңбектеріндегі <i>ius fetiale</i> түсінігі	277
А.Ж. ҚАЛМАҒАМБЕТОВ, Г.Н. КҮЗЕМБАЕВА Нормативтік құқықтық актілерге заң сараптамасын құқықтық реттеудегі кемшіліктер және оның құқықтық салдары (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 2 желтоқсанда №21716 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 114 қаулысы мысалында)	285
Д.М. СӘРСЕМБАЕВ Еуразиялық интеграция шеңберіндегі халықаралық-құқықтық валюталық реттеу (бірыңғай валюта туралы мәселеге қатысты).....	294
Р.Ж. ҚОЖАХМЕТОВА Кәмелетке толмағандардың суицидтерін алдын алудың құқықтық аспектілері және құқықтық жүйеге ұсыныстарды имплементациялау бойынша ұсынымдар	304
«Жаршының» архивтегі беттері	
Р.Н. ЮРЧЕНКО Алқабилер қатысатын қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізудің кейбір мәселелері туралы (ҚР ЗИ Жаршысы №4-2006 ж. – 79-97 бб.).....	313
С.С. ҚАРЖАУБАЕВ з.ғ.к. Р.Н. Юрченконың «Алқабилер қатысатын қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізудің кейбір мәселелері туралы» ғылыми жарияланымына қайта оралғанда	331
Есімнама	
Журналдың редколлегия мүшесі, заң ғылымдарының докторы	
Қ.Х. Рахимбердин – 50 жаста	336
М.Р. ГЕТА Ғалым, азамат, педагог, құқық қорғаушы (заң ғылымдарының докторы	
Қ.Х. Рахимбердиннің 50 жылдығына орай)	337
Библиография	
«Европейская система защиты прав человека: учебное пособие для бакалавриата и магистратуры / Абашидзе А.Х., Алисиевич Е.С. (под редакцией Абашидзе А.Х. – М.: Юрайт, 2017. – 140 с.)» атты кітапқа рецензия.....	341



ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №1 (64)-2021

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации
Республики Казахстан»
Издаётся с 2006 года
Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz
Включен в перечень изданий для публикации
основных научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета
Сарпеков Р.К. – Заслуженный деятель
Казахстана (Нур-Султан, Казахстан) –
(председатель)
Абайдильдинов Е.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Барнаул, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Унзила Шапак – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)

Главный редактор
Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – заслуженный деятель
культуры РК (Нур-Султан, Казахстан)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)
Джангарашев Р.М. – LL.M. (Нур-Султан,
Казахстан)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Казиев З.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)
Каирбаева Л.К. – PhD (Нур-Султан,
Казахстан)
Князова А.Ж. – LL.M. (Нур-Султан,
Казахстан)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Каменогорск, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)

Редакция журнала
Джамбуршин К.А.
Колтубаева Г.Б.
Тасирова А.С.
Жумагелдина Б.Ж.
Байленова А.К.
тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан (Первичная постановка
на учет №6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000,
г. Нур-Султан, пр. Кабанбай батыра, 19,
блок Е, каб. 306, тел.: 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Колонка редакции..... 9

Конституционное и административное право

Р.К. САРПЕКОВ Вопросы обеспечения публичности
в законопроектной деятельности и модернизации научной
правовой экспертизы в свете принятия в Республике Казахстан
законодательных поправок по вопросам совершенствования
нормотворчества 13

Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, Б.К. НУРГАЗИНОВ,
А.А. КАРАЕВ Некоторые вопросы разграничения
законодательного и подзаконного регулирования 22

Р.С. МЕЛЬНИК Административное усмотрение:
понятие, виды и условия правомерности применения..... 35

Н. САУЛЕН, Н. САУЛЕН, Р.Д. БЕРНАЗАРОВА
Административные реформы в совершенствовании
системы государственного управления 47

Т.Б. ЖУМАГУЛОВ, Г.С. ДАРИБАЕВ Важность
правового воспитания и образования в повышении
правовой культуры в контексте модернизации
общественного сознания 57

Ж.Ю. САЙЛИБАЕВА Институт судебного
производства по делам об оспаривании действий,
бездействий государственных органов: этапы
становления 71

Гражданское и гражданско-процессуальное право

А.Ж. КИЯЗОВА Корпоративные акты как средство
саморегулирования предпринимательской и
профессиональной деятельности 80

С.А. АКИМБЕКОВА, Н.Р. МАКСАТОВ
Взаимодействие суда и прокуратуры: вопросы
теории и практики..... 91

С.С. КАРЖАУБАЕВ К вопросу совершенствования
жилищного законодательства в сфере аренды 99

Б.О. АЛТЫНБАСОВ Теоретические основы
использования эмпирических методов правового
исследования: международный опыт 108

М.Х. ХАСЕНОВ, Р.О. БУКЕНОВ Пробелы и
коллизии правового регулирования труда в сфере
физической культуры и спорта в Республике Казахстан..... 120

С.А. ЫНТЫМАКОВ Некоторые правовые вопросы,
касающиеся правового положения фонда 132

А.К. КАЛДЫБАЕВ Принцип свободы договора
и корпоративный договор..... 142

Уголовное право и уголовный процесс

В.И. МАЙОРОВ, П.В. ВОЛОШИН, С.В. ПОЛЯКОВА,
О.Н. ДУНАЕВА Обеспечение безопасности участников
дорожного движения в России на основе риск-
ориентированного подхода..... 152

Д.А. ФИНК Некоторые вопросы реализации права
адвоката на доступ к уголовно-процессуальной информации 159

Б.Ж. КЫЗДАРБЕКОВА, Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА	
Понятие «акт терроризма» в законодательстве и условия освобождения от уголовной ответственности.....	165
Е.А. ОМАРОВ, Ж. КУМАРБЕККЫЗЫ Правовая природа конфискации имущества по уголовному законодательству Республики Казахстан	
	173
Ф.С. ЖАКСЫБЕКОВА Уголовная политика в борьбе с экологической преступностью.....	
	184
Г.А. КУАНАЛИЕВА, Г.Н. РАХИМОВА, Р.А. АБДЫРАИМОВ Некоторые вопросы определения субъекта уголовного правонарушения.....	
	191
Международное право и сравнительное правоведение	
Ж.О. КУЛЖАБАЕВА, Д.О. САЛЫКОВА Органы международного уголовного правосудия: генезис, предметная юрисдикция международного уголовного суда, проблемы ратификации римского статута.....	
	200
Правовой мониторинг	
А.К. КАНАТОВ, К.Е. ИСМАГУЛОВ Место Декларации о государственном суверенитете в системе законодательства Республики Казахстан (правовой анализ)	
	213
М.И. ДЯЧУК Развитие института медиации в Республике Казахстан	
	219
Из практики законотворчества на государственном языке	
Е.С. САФУАНИ Некоторые проблемы использования терминов в законодательстве	
	233
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Проблемы лингвистической экспертизы на государственном языке	
	238
Трибуна молодого ученого	
А.М. НЕМЕРЕБАЕВА Маслихат как представительные органы и их роль в осуществлении прав граждан на участие в управлении делами государства	
	244
А.О. МАКРУШИН О некоторых вопросах регулирования деятельности юридических консультантов в Республике Казахстан	
	251
А. МУСАХАН Применение норм международного обычного права в праве Европейского Союза.....	
	258
С.Т. АБИРБЕК Право непризнанных государств в международном праве	
	266
М.Е. САГИНАЕВ, А.Т. БАЙЗАКОВ Понятие <i>ius fetiale</i> в трудах итальянского романиста Пьеранжело Каталано	
	277
А.Ж. КАЛМАГАМБЕТОВ, Г.Н. КУЗЕМБАЕВА О недостатках правового регулирования юридической экспертизы нормативных правовых актов и их юридических последствиях (на примере Постановления Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка № 114 от 30 ноября 2020 года, зарегистрированного Министерством юстиции Республики Казахстан 2 декабря 2020 года № 21716).....	
	285
Д.М. САРСЕМБАЕВ Международно-правовое валютное регулирование в рамках евразийской интеграции (к вопросу о единой валюте)	
	294
Р.Ж. КОЖАХМЕТОВА Правовые аспекты предупреждения суицидов несовершеннолетних и рекомендации по имплементации предложений в правовую систему	
	304
Архивные страницы «Вестника»	
Р.Н. ЮРЧЕНКО О некоторых вопросах судопроизводства по уголовным делам с участием присяжных заседателей (статья в Вестнике ИЗ РК №4-2006 г. – С. 79-97)	
	313
С.С. КАРЖАУБАЕВ Возвращаясь к научной публикации к.ю.н. Р.Н. Юрченко «О некоторых вопросах судопроизводства по уголовным делам с участием присяжных заседателей»	
	331
Персоналии	
Члену редколлегии журнала, доктору юридических наук	
К.Х. Рахимбердину – 50 лет.....	336
М.Р. ГЕТА Ученый, гражданин, педагог, правозащитник (в честь 50-летнего юбилея доктора юридических наук К.Х. Рахимбердина)	
	337
Библиография	
Рецензия на книгу «Европейская система защиты прав человека: учебное пособие для бакалавриата и магистратуры / Абашидзе А.Х., Алисиевич Е.С.; под редакцией Абашидзе А.Х. – М.: Юрайт, 2017. – 140 с.»	
	341



Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal №1 (64)-2021

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»

Published since 2006

All journal materials are placed on the website
www.zqai.kz

Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №894 from 05.30.2013)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. – *Honored Personality of Kazakhstan (Nur-Sultan, Kazakhstan) – (Chairman)*
Abaydeldinov E.M. – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Abyzov R.M. – *d.j.s. (Barnaul, Russian)*
Belih V.S. – *d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)*
Gubin E.P. – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
Melnik R.S. – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Moiseev A.A. – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
Muromcev G.I. – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
Rahmetov S.M. – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Malinovskiy V.A. – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Unzila Shapak – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

Chief Editor

Dyussenov Ye.A. – *c.j.s.*

Editorial Board members

Azer Aliyev – *PhD (Kiel, Germany)*
Aiymbetov M.A. – *Honored Worker of Culture of Kazakhstan, (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Bainiyazova Z.S. – *c.j.s. (Saratov, Russian)*
Dzhangarashev R.M. – *LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Kabayeva A.G. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Kaziyev Z.G. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Kairbaeva L.K. – *PhD (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Kiyazova A.Zh. – *LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Konusova V.T. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Kulzhabayeva Zh.O. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Nurgazinov B. K. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Nurmagambetov R.G. – *PhD (Chelyabinsk, Russian)*
Primashev N.M. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Rakhimberdin K.H. – *d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)*
Tegizbekova Zh.Ch. – *c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)*

The editorial staff

Dzhamburshin K.A.
Koltubayeva G.B.
Tassirova A.S.
Zhumageldina B.Zh.
Bailenova A.K.
tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)

Address:

The Republic of Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, Kabanbay-batyr ave., 19, block E, office 306, tel.: 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial 11

Constitutional and Administrative Law

R.K. SARPEKOV Issues of ensuring publicity in legislative activity and modernization of scientific legal expertise in light of adoption of legislative amendments in the Republic of Kazakhstan on improving rule-making 13

L.T. ZHANUZAKOVA, B.K. NURGAZINOV,

A.A. KARAYEV Certain questions of definition of legislative and sublegal regulation 22

R.S. MELNYK Administrative Discretion: Concept, Types and Conditions of Application Eligibility 35

N. SAULEN, N. SAULEN, R.D. BERNAZAROVA

Administrative reforms in the improvement of the public administration system 47

T. ZHUMAGULOV, G. DARIBAYEV The importance of legal education and education in improving the legal culture in the context of modernization of public consciousness..... 57

ZH.Y. SAILIBAYEVA Institute of Judicial Proceedings in Cases of Challenging Actions, inaction of State Bodies: Stages of Formation 71

Civil and Civil Procedure Law

A.J. KIYAZOVA Corporate acts as a means of self-regulation of business and professional activities 80

S.A. AKIMBEKOVA, N.R. MAXATOV Interaction of court and prosecutor's office: issues of theory and practice 91

S.S. KARZHAUBAYEV On the issue of the improvement of the housing legislation in the field of rent 99

B.O. ALTYNBASOV The theoretical framework of using empirical legal research methods: international experience 108

M.K. KHASSENOV, R.O. BUKENOV The gaps and collisions in legal regulation of labor in the sphere of physical culture and sport in the Republic of Kazakhstan..... 120

S.A. YNTYMAKOV Certain legal issues concerning the legal status of the foundation 132

A. KALDYBAYEV The principle of freedom of contract and corporate contract..... 142

Criminal law and Criminal procedure

V.I. MAYOROV, P.V. VOLOSHIN, S.V. POLYAKOVA, O.N. DUNAEVA Ensuring the safety of road users in Russia based on a risk-based approach..... 152

D.A. FINK Certain issues on relation to the exercise of the right of counsel to access to criminal procedure information..... 159

B.ZH. KYZDARBEKOVA, E.N. KALIAKPEROVA The concept of «act of terrorism» in the legislation and conditions for exemption from criminal liability.....	165
Y.A. OMAROV, ZH. KUMARBEEKYZY The legal nature of confiscation under the criminal law of the Republic of Kazakhstan	173
F.S. ZHAXYBEKOVA Criminal policy in the fight against environmental crime.....	184
G.A. KUANALIYEVA, G.N. RAKHIMOVA, R.A. ABDYRAIMOV Certain issues of determining the subject of a criminal offense	191
International law and Comparative law	
ZH. KULZHABAYEVA, D. SALYKOVA International criminal justice bodies: genesis, subject jurisdiction of the international criminal court, problems of ratification of the rome statute	200
Legal monitoring	
A.K. KANATOV, K.E. ISMAGULOV Place of the declaration of state sovereignty in the system of legislation of the Republic of Kazakhstan (legal analysis)	213
M.I. DYACHUK Development of the mediation institute in the Republic of Kazakhstan	219
From the lawmaking practice in the official language	
E.S. SAFUANI Certain problems with the use of terms in legislation.....	233
L.S. TURGANBAYEVA Problems of linguistic examination in the state language.....	238
Young researchers' tribune	
A.M. NEMEREBAYEVA Maslikhat as representative bodies and their role in the exercise of the right of citizens to participate in the governance of state	244
A.O. MAKRUSHIN On some issues of regulation of the activity of legal consultants in the Republic of Kazakhstan	251
A. MUSSAKHAN Application of customary international law norms within European Union law.....	258
S. ABIRBEK The law of unrecognized states in international law	266
M.E. SAGINAYEV, A.T. BAIZAKOV The concept of ius fetiale in the works of the italian novelist Pierangelo Catalano	277
A.ZH. KALMAGAMBETOV, G.N. KUZEMBAYEVA On the fault of legal regulation of the legal expertise of normative legal acts and their legal consequences (On the example of the Board Decree of the Agency of the Republic of Kazakhstan for the Regulation and Development of the Financial Market No. 114 dated November 30, 2020, registered by the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan on December 2, 2020 No. 21716)	285
D.M. SARSEMBAYEV International legal regulation of currency in the framework of eurasian integration (on the issue of the single currency).....	294
R. KOZHAKHMETOVA Legal aspects of preventing suicide of minors and recommendations for the implementation of proposals in the legal system	304
The archive pages of the «Bulletin»	
R.N. YURCHENKO On certain issues of jury trials in criminal cases (article in Bulletin of the IL RK No. 4-2006 - P. 79-97).....	313
S.S. KARZHAUBAYEV Returning to the scientific publication of, candidate of Law, R.N. Yurchenko, «On certain issues of trial by jury in criminal cases».	331
Personalities	
Member of the Editorial Board, Doctor of Law K.H. Rakhimberdin is 50 years old	336
M.R. GETA Scientist, citizen, educator, human rights activist (in honor of the 50th anniversary of Doctor of law K.Kh. Rakhimberdin)	337
Bibliography	
Review of the book «The European System of Human Rights Protection»: textbook for undergraduate and graduate studies / A.Kh. Abashidze, E.S. Alisieovich; edited by A.Kh. Abashidze – M.: Юпайт, 2017. – 140 p. Review of the	341

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕГІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ләззат Сұлтанмұратқызы Тұрғанбаева

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты

Лингвистика орталығының аға қылыми қызметкері, з.ғ.к.,

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы; e-mail: ardaki12@mail.ru

Түйін сөздер: С.З. Зиманов, заң ғылымы, мемлекет және құқық тарихы, мемлекет және құқық тарихы

Аннотация. 30 жыл бұрын Қазақстан Тәуелсіз елге айналғалы бері заңнама қызметі көп жылда қалыптасқан тәжірибеге, әсіресе шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, бірталай жетістіктерге жетті деп айтуға болады. Заң шығармашылық тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ заң мәтіндерінің сапалы, қатесіз, қысқа да нұсқа және түсінікті түрде мемлекеттік тілге аударылуы оларға сараптама жүргізу процесінің сапалы өтуін айқындап отыр.

Сараптамалық зерттеудің әр түрінің өзіндік пәндік және функционалдық ерекшелігі бар екеніне қарамастан, заң жобасын жан-жақты әр түрлі сараптамалық талдау жалпы мақсатқа – құқықтық норманы ұсытудағы қателерді жоюға бағынады. Соның ішінде заң жобаларына мемлекеттік тілде лингвистикалық сараптама жүргізу қызметінің ролі ерекше.

Автор бұл мақалада қазақ тілінің ережелерін ескере отырып, заң жобаларына мемлекеттік тілде лингвистикалық сараптама жүргізудің түрлері мен әдістері сипатталған. Заң жобаларына мемлекеттік тілде сараптама жүргізу кезінде қойылатын талаптар тізбектелген, сондай-ақ сараптамаға ұсынылатын заң жобаларының мәтіндерінде жиі кездесетін грамматикалық, стилистикалық, логикалық қателіктердің мысалдары келтірілген. Лингвистикалық сараптама ұғымын тұжырымдай отырып, автор оның мәнін кеңінен ашып, заң жобаларына лингвистикалық сараптама жүргізу кезіндегі талаптарды, әсіресе мәтіндерді логикалық баяндау және терминдерге мән беру кезінде егжей-тегжейлі қарастыру қажеттілігін ұсынады.

Сондай-ақ автор мемлекеттік тілде заң жобаларына лингвистикалық сараптама жүргізу кезеңдерін және оны жақсарту әдістерін көрсеткен.

ПРОБЛЕМЫ ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ НА ГОСУДАРСТВЕННОМ ЯЗЫКЕ

Турганбаева Ляззат Султанмуратовна

Старший научный сотрудник Центра лингвистики Института

законодательства и правовой информации Республики Казахстан, к.ю.н.,

г. Нур-Султан, Республика Казахстан; e-mail: ardaki12@mail.ru

Ключевые слова: лингвистическая экспертиза законопроектов, перевод, термины, словосочетания

Аннотация. За годы приобретения независимости нашей страны законодательная деятельность в процессе нарабатывания опыта, особенно на основе зарубежной практики достигла значительных успехов. Не только с точки зрения законотворчества, но и с точки зрения лингвистики, как безошибочного, краткого и понятного перевода текстов законов на государственный язык определяет качественное прохождение процесса правовой экспертизы проектов законов.

Несмотря на то, что каждый вид экспертизы имеет свою предметную и функциональную специфику, всесторонний разнообразный экспертный анализ законопроекта подчиняется общей цели - устранению ошибок в представлении правовой нормы. В частности, особую роль играет деятельность по проведению лингвистической экспертизы законопроектов на государственном языке.

В статье описываются виды и методы лингвистической экспертизы законопроектов на государственном языке с учетом правил казахского языка. Перечислены требования при экспертизе законопроектов на государственном языке, а также приведены примеры наиболее часто встречающихся грамматических, стилистических, логических ошибок в текстах законопроектов, представляемых на экспертизу. Формулируя понятие лингвистической экспертизы, автор широко раскрывает ее суть и призывает детально рассмотреть требования при осуществлении лингвистической экспертизы законопроектов, особенно при логическом изложении текстов и приданию значения терминам.

Приведены этапы проведения лингвистической экспертизы законопроектов на государственном языке и методы ее улучшения.

PROBLEMS OF LINGUISTIC EXAMINATION IN THE STATE LANGUAGE

Turganbaeva Lyazzat Sultanmuratovna

Senior researcher of the linguistics center of the Institute of Legislation
and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Candidate
of Law, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan, e-mail: ardaki12@mail.ru

Key words: linguistic expertise of draft laws, translation, terms, phrases

Abstract. During the years of independence of our country, the legislative activity in the process of gaining experience, especially on the basis of foreign practice, has achieved significant success. Not only from the point of view of lawmaking, but also from the point of view of linguistics, as an unmistakable, concise and understandable translation of the texts of laws into the state language determines the quality of the process of legal examination of draft laws.

Despite the fact that each type of expertise has its own subject and functional specifics, a comprehensive and diverse expert analysis of the draft law is subject to a common goal - to eliminate errors in the presentation of the legal norm. In particular, a special role is played by the activity of conducting linguistic expertise of draft laws in the state language.

The article describes the types and methods of linguistic expertise of draft laws in the state language, taking into account the rules of the Kazakh language. The requirements for the examination of draft laws in the state language are listed, as well as examples of the most common grammatical, stylistic, and logical errors in the texts of draft laws submitted for examination. In formulating the concept of linguistic expertise, the author broadly reveals its essence and calls for detailed consideration of the requirements for the implementation of linguistic expertise of draft laws, especially in the logical presentation of texts and giving meaning to terms.

The article describes the stages of conducting linguistic expertise of legal projects in the state language and methods for improving it.

DOI: 10.52026/2788-5291_2021_64_1_238

Kіpіcne. Мемлекеттік тіл - қазақ тілінің Қазақстан жерінде даму процесінің өзіндік тарихы бар, саяси мәртебесі, даму процесі біресе шынға көтеріліп, біресе құлдырап, соңында қазақ тілінің қазіргі жағдайын көріп отырмыз. Кеңес дәуірінде де қазақ тілін іс жүргізуге және білім беруге енгізуге

талпыныс жасалған болатын, алайда КСРО-дағы мемлекеттік саясаттың жалпы бағытына, сондай-ақ демографиялық жағдайдың өзгеруіне байланысты қазақ тілі ресми түрде аз дәрежеде, ал көркем әдебиетте, журналистика өнерінде және тұрмыстық қарым-қатынаста көп дәрежеде қолданылды. Тек

тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қазақ тілінің өмірдің барлық саласында толыққанды дамуына және кеңінен қолданылуына жағдай жасау мүмкін болды. Әсіресе нарық экономикасына қарай көптеген заңдар қабылдана бастағаннан кейін, мемлекеттік тілдегі лингвистикалық сараптама қызметінің қосқан зор үлесінің нәтижесінде заң мәтіндерінің мемлекеттік тілдегі сапасы осы уақытқа дейін біршама жақсарды деп айтуға болады.

Заң жобаларының лингвистикалық сараптамасы тіл туралы ғылымды білуге және заң жобалау қызметінің жалпы қағидаттарына негізделген. Құқық саласындағы тіл мен сөйлеу тетіктерінің жұмыс істеу ерекшеліктерін ескере отырып нақтыланатын заң жобаларының лингвистикалық сараптамасы түсінігінің шеңберінде әртүрлі құбылыстарды біріктіру қарастырылып отырған мәселелердің өзектілігі мен жаңашылдығын айқындайды. Құқықтық шығармашылық процесінде заңнамалық мәтін бастапқы лингвистикалық талдаудан, яғни сараптамадан өтеді.

Негізгі бөлім. 2008 жылғы шыққан орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалыққа сүйенсек, сараптама дегеніміз — ғылым, техника, өнер, т.б. салаларда арнайы таным, білім мен біліктілікті талап ететін қандай да бір мәселеге зерттеу жүргізу [1, 3026.]. Сараптаманың ғылыми зерттеуден айырмашылығы сол, ол құбылыстарды емес, болып кеткен жағдайды және оның себептерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заң жобаларына ғылыми (сыбайлас жемқорлыққа қарсы, лингвистикалық, экологиялық және т.б.) және қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізіледі. Заңнамалық актілерді, сондай-ақ заң жобаларын жобалау бойынша нұсқаулықтар мен анықтамалықтарды талдау заң мәтінінің нысаны мен мазмұнына қойылатын және заң шығарушы заң жобасын жасау кезінде ұстануы тиіс лингвистикалық және экстралингвистикалық сипаттағы бір-бірін толықтыратын белгілі бір қосымша талап-

тардың жиынтығы бар екенін айқындайды. Сараптамалық кезеңде заң жобасының осы талаптарға сәйкестігі талданады.

Заң сараптамасы — нормативтік құқықтық актінің жобасын не қабылданған нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамаға сәйкестігі тұрғысынан тексеру¹.

Заң жобаларының лингвистикалық сараптамасы — нормативтік құқықтық актілер тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, ұсынылған мәтіннің қазіргі орыс әдеби тілінің нормаларына сәйкестігін бағалау және терминдерді қолданудағы грамматикалық, синтаксистік, стилистикалық, логикалық, редакциялық-техникалық қателерді түзеу бойынша ұсыныстар беру.

Жоғарыда берілген анықтамаға сүйенсек, қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптама — нормативтік құқықтық актілер тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, ұсынылған орыс тіліндегі мәтіннің қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларына сәйкестігін және терминдер мен сөз тіркестерінің бірізділігін тексеруді білдіреді.

Сараптамалық зерттеудің әр түрінің өзіндік пәндік және функционалдық ерекшелігі бар екеніне қарамастан, заң жобасын жан-жақты әр түрлі сараптамалық талдау жалпы мақсатқа — құқықтық норманы ұсынудағы қателерді жоюға бағынады.

Лингвистикалық сараптаманың міндеттеріне заң жобасының мәтінін тілдік және сөйленімдік талдау жатады. Тілдік талдау жүргізу кезінде грамматика және семасиология санаттары ескеріледі. Грамматикалық аспект морфологиялық және синтаксистік санаттарды талдауды қамтиды: грамматикалық құралдар, сөйлеу бөліктерін қолдану, сөз тіркестеріндегі сөздердің байланыс түрлері, синтаксистік бірліктердің нысандары мен құрылымдары, және т.б. Мысалы, заңнамалық мәтіндерге әдетте етістіктен жасалған зат есімдер тән (экстремистік әрекеттің алдын алу; шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасына кіруіне рұқсат бермеу туралы

1 «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V. // <http://adilet.zan.kz>. 22.01.2021

шешім). Семантикалық бірліктерді талдауды қамтитын семасиологиялық аспектінің көмегімен мыналар анықталады: сөздің суппозициялық және суппозиция алды семантикасы (мәні ұғымдар жүйесі арқылы анықталады, ал мағынасы сөз семантикасының пікір білдіру семантикасына қатынасы, сөз сөйлеу жағдайы арқылы анықталады), сөздердің, сөз тіркестерінің және сөйлемдердің әртүрлі мағынаға ие болуы, заң мәтіндерінің лексикалық тіркелімі (көшірулер, жиі қайталанатын лексика және т. б.), сөйлемнің семантикалық аяқталуы/аяқталмауы және т. б.

Мәтінді тілдік тексеру сондай-ақ, заң жобасының мәтінін грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық және басқа да қателіктердің бар-жоғын тексеруді қамтиды. Грамматикалық құрамына тілдік бірлік құрылымындағы мынадай қателер кіреді (сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер): сөз құру, қалыптастыру және сөз өзгерту; келісу, басқару және жанасу; етістік нысандарының уақыттық арақатынасы; бастауыш пен баяндауыш арасындағы байланыс; есімше, көсемше айналымдары, біртекті мүшелері бар сөйлемдерді құру және т.б. нормаларының бұзылуы. Лексикалық (семасиологиялық) мәтін құрылымында сөздерді қолданудағы қателер: тілдік бірліктердің сәйкес келмеуі; сөзді өзіне тән емес мағынада қолдану; терминдердің заңи-лингвистикалық түсініксіздігі; жай сөйлемдердің күрделі сөйлемдер құрамында семантикалық байланысының бұзылуы. Орфографиялық қателіктерге сөздердің дұрыс жазылмауы жатады, пунктуациялық қателіктерге – қажетті тыныс белгісін қолданбау не оны қажет емес жерде қолдану, бір тыныс белгісін екінші тыныс белгісімен дұрыс емес ауыстыру жатады [2, 86.]. Көбінесе әзірлеушілер ағылшын тілінен аударылған мәтіндерде қойылған тыныс белгілерін мемлекеттік тілдегі заң мәтіндеріне қазақ тілі ережесіне қайшы келсе де дәл солай орналастырады.

Сөйленімдік талдау жүргізу кезінде жанр мен стиль ерекшеліктері бағаланады, яғни заң мәтінінің формалды-логикалық құрылымы (композициялық ерекшеліктері, деректемелері, айдарлары); жанрлық-стилистикалық құралдарды қолдану (аббревиатуралар (кейбір аббревиатуралар халықаралық деңгейде қалыптасқандықтан олар аударуға жатпайтынын ескеру қажет,

мысалы «ЮНИСЕФ» сөзі), инверсиялар, көшірулер, тізбектеу, даяр сөз орамдары, терминологиялық бірізділік және т.б.); заңды құру кезінде қолданылатын сөйлеудің функционалды-мағыналық түрлері (ерік білдіру, сипаттау, хабарлама және т. б.) талданады. Мысалы, арнайы терминологиямен салыстырғанда заңнамалық мәтіндердегі даяр сөз орамдары аз дәрежеде ұсынылған, дегенмен оларды қолдану заң мәтінін рәсімдеудің заң шығару дәстүрлеріне байланысты және өте тиімді (реттеу пәні, үшінші тараптар, Тараптар, осы Заң, сәйкес, күшіне енеді, ресми жарияланған күні және т.б.).

Заңнамалық мәтіндерді рәсімдеудің жанрлық-стилистикалық ерекшеліктері туралы айта келсек, ол негізгі және трансформациялық заңдардың мәтіндерін, сондай-ақ заңнамалық мәтіндерді дайындау дәстүрлерін талдау негізінде қалыптасады, өйткені бір заңды рәсімдеу модельдері ұқсас құрылымы бар басқа заңды рәсімдеуге үлгі болып табылады.

Заң жобасының тілі мен стилін редакторлық талдау процесі көптеген құрауыштардан тұрады, бірақ, ең алдымен, заң жобаларын Парламент Мәжілісінің қарауына дайындауға арналған бірыңғай талаптарға негізделген.

Мұндай талаптар мыналарды қамтиды:

- 1) құқықтық нормаларды баяндау логикасын сақтау;
- 2) құқықтық нормалардың айқын және жасырын қайшылықтарының болмауы;
- 3) құқықтық нормаларды жасау кезінде заңи және басқа да арнаулы терминдерді пайдаланудың дәлдігі;
- 4) заңактілерінің стилін сақтау, ең алдымен құқықтық нормалардың анықтылығын, айқындылығын, қысқалығын сақтау.

Бұл талаптарды құқықтық нормаларды ұсынудың негізгі талаптары ретінде қарастыруға болады және заң мәтінінің мемлекеттік тілге аударылуына сараптама жүргізетін маман да осы талаптарды ұстануы тиіс.

Құқықтық нормаларды ұсынуға қойылатын негізгі талаптарды қолдану алгоритмін лингвист заң жобасының талданатын тілдік құралдарының деңгейіне байланысты дербес анықтайды және әр деңгейде және тұтастай алғанда таңдамалы және дәйекті де, күрделі де болуы мүмкін. Бұл ретте заң жобасы мәтінінің талдау және бағалау қо-

рытындыларының шынайылығына негізгі талаптарды кешенді пайдалану жағдайында ғана қолжету мүмкін.

Негізгі заңдарға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу заң жобасында лингвистикалық талдау жүргізу кезінде ең басты сөзді талдауға ерекше көңіл бөлу қажет. Сөз деңгейінде әр терминді таңдаудың дәлдігін талдау және бағалау жүргізіледі. Өйткені әрбір термин әр заңда әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Бұл ретте таңдалған терминнің дұрыс мәні негізгі құқық саласының терминологиясына сәйкес белгіленеді.

Сондай-ақ сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан лексикалық мағынаның өзгеруі сөздің грамматикалық сипаттамасының өзгеруіне әкелуі мүмкін. Мысалы, «жылжымалы құрам», «жылжымалы блок» және «жылжымалы топ», «жылжымалы бала»; «учаске алаңы» және «қаланың басты алаңы».

Заң терминдерінен басқа, түсіндірме сөздіктерде «арнайы» (бұдан әрі – тар салалық терминдер) бар басқа терминдерді қолдану негізгі талаптарды сақтаудан туындайтын шектеулерге ие, атап айтқанда тар салалық терминдер жалпы қолданылатын терминдермен ауыстырылады немесе мұндай ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда, сөздің мағынасының (семантикасының) өзгеруіне байланысты арнайы терминдерге заңнамалық актінің мәтінінде қысқаша анықтамалар (анықтамалар) беріледі.

Сөз тіркесінің деңгейінде сөз тіркесіне кіретін сөздердің лексикалық үйлесімділігі анықталады. Ең алдымен, сөз деңгейіндегі сияқты, салалық терминологияға сәйкес сөз тіркесін құрайтын терминдер дұрыс таңдалғаны белгіленеді. Көбінесе заң жобаларында «жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер» ұғымы бірыңғай мүшелер ретінде қолданылады, бірақ олардың заңды мағынасына сүйене отырып, «жеке тұлғалар, оның ішінде жеке кәсіпкерлер» деген сөз дұрыс болады.

Сөздердің лексикалық тіркесімі олардың семантикалық үйлесімділігі болып саналады. Мысалы, «күшіне енеді», «қолданысқа енгізіледі», «мәмілелер жасау», «талаптарды белгілеу».

Сөйлем деңгейінде құқықтық норманың айқындылығы тұрғысынан оған талдау және бағалау жүргізіледі.

Алдымен сөйлемнің қандай түрін қолдануды анықтау керек – жай немесе күрделі. Сөйлемнің басқа түрлерін қолдануға қарағанда жай сөйлемдерді қолдануға басымдық берілуі тиіс.

Заң жобаларының мәтіндерін логикалық құру қағидалары әмбебап болып келеді деп айтуға болады, өйткені кез келген заң жобаларының мәтініне оның салалық тиесілігіне қарамастан қолданылады. Логикалық қателіктердің ерекшелігі, олар лексикалық немесе синтаксистік қателер сияқты айқын көрінбейді, көбінесе мәтінді қабылдауға келергі келтірмейді және семантикалық байланыстарды, оның ішінде мәтіннің әртүрлі элементтерін мұқият салыстырған кезде ғана анықталуы мүмкін. Сондықтан лингвист мәтінді оқыған кезде оның логикалық заң тұрғысынан баяндалуына күмәнданғанда сол жөнінде әзірлеушіден консультация алуы қажет.

Заң жобасының мәтінінің лингвистикалық талдау нәтижелері жауапты орган (Лингвистика орталығы, Редакциялық баспа бөлімі, Редакциялау және аударма бөлімдері) түзету барысында қандай шамада қабылдаса, сондай шамада іске асырылады.

Заң жобасын мемлекеттік тілде редакторлық түзетудің негізгі міндеті - оның тілі мен стилін редакторлық талдау кезінде табылған мәтіндегі қателерді, қателіктерді жою бойынша ұсыныстар дайындау.

Бұл жағдайда, біріншіден, редакторлық редакциялау тек лингвист оны дәлелдей алатын жағдайда ғана орынды болатындығын есте ұстаған жөн, екіншіден, оны мүмкіндігінше бір сатылы етіп ұстауға тырысу керек, яғни барлық кемшіліктерді дереу жоюға тырысу керек.

Редакциялауда, әсіресе заң жобаларын өңдеуде, ұсақ - түйектер жоқ, тіпті бір үтірмен өткізіп жіберу немесе дұрыс емес қою мәлімдеменің мағынасын бұрмалауы мүмкін, бұл құқық қолдану тәжірибесінде белгісіз қақтығыстарға әкеледі.

Заң жобасының мәтінін оның заң тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларына сәйкестігін талдау және бағалау және грамматикалық, синтаксистік, стилистикалық, логикалық, редакциялық-техникалық қателерді және терминдерді пайдаланудағы қателерді жою жөнінде ұсынымдар беру мемлекеттік тілде-

гі лингвист маманның міндеті болып табылады.

Лингвистер заң жобасының мәтінінің бірнеше нұсқасын оны өткізудің әртүрлі кезеңдерінде өңдейді. Қайта өңдеу екі кезеңнен тұрады: мәтін бойынша ұсыныстар мен ескертулер дайындау; түзетуді әзірлеушімен келісу және оны мәтінге енгізу.

Қорытынды. Мәтінді лингвистикалық сарапшыларға әзірлеушілер көбінесе «шикі» түрінде, яғни грамматикалық, стилистикалық көп қателермен ұсынады. Лингвистикалық сипаттағы жалпыланған ұсынымдар заң жобасының мәтіні бойынша тікелей жасалған ескертулер және (немесе) біріздендіру мен нақтылауды қажет ететін негізгі ұғымдардың тізбесі түрінде ұсынылуы мүмкін. Әзірлеуші пысықтаған заң мәтініне екінші рет (әдетте әзірлеуші қателерді дұрыс түзетпегендіктен заң жобасы пысықтауға бірнеше рет қайтарылуы мүмкін) тексерудің алдында лингвистер заң жобасына тақы-

рыптық лингвистикалық сараптама жүргізуі тиіс. Бұл кезеңде лингвист заң жобасының терминологиясының дұрыстығына ерекше назар аударуы қажет. Үшінші рет тексеруге дейін заң жобасымен жұмыс істеу кезеңінде әзірлеушілермен өзара әрекеттесу мүмкін болатын ішкі қайшылықтарды жою, мақалалардың дұрыс байланысын орнату және редакцияға енгізілген өзгерістерге байланысты қажетті редакциялау үшін ғана жүзеге асырылуы қажет.

Сараптама қызметінің сапасын жетілдіру мақсатында заң жобасының құқықтық және лингвистикалық сараптамалары нысанының аражігін ажырату, заң жобасының мемлекеттік тілдегі лингвистикалық сараптамасы тұжырымдамасының көлемі мен мазмұнын айқындау қажет, өйткені тіл мен сөйлеу бірліктерін зерттеудің ерекше тәсілдерін қамтиды және жүйелі, функционалдық және ақпараттық негіз болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Насырова М., Гуляева С. *Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық*. - Алматы: Жеті жарғы, 2008. - 764 б.
2. Батюшкин М.В. *Лингвистическая экспертиза законопроектов: объект, предмет и задачи*. Законодательное собрание Омской области, Омск // *Вестник ТГПУ (TSPU Bulletin)*. - 2017. - №7(184). С. 1-14.

REFERENCE

1. *Oryssa-qazaqsha zaңdyq túsındırme sözдіk-anyqtamalyq*. - *Almaty: Jeti jarǵy*, 2008. - 764 b.
2. *Batshkin M.V. Lingvisticheskaya ekspertiza zakonoproektov: obekt, predmet i zadachi. Zakonodatelnoe sobranie Omskoi oblasti, Omsk // Vestnik TGPU (TSPU Bulletin)*. - 2017. №7 (184). - S. 1-14.